


Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3 нұсқа
Магистратура туралы		23 беттің 1 беті

БЕКІТЕМІН

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ

Ректоры

 К.С. Байболов
2025 жыл



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-38-25

МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығымен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Абдуллаева Ж.Д.
3. Келісілді – Басқарма Мүшесі – Вице Ректор Рысбекова Ж.К.
– Ғылым және инновация департаментінің директоры Оралбекова А.Қ.
– Басқарма Мүшесі – Аппарат басшысы Сугирбекова К.С.
– Заң қызметінің басшысы Ильясов Р.М.
Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы Тауасарова А.С.
4. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланып, мақұлданды № 3 30.09 2025 жылы
5. Енгізілді – 2025
6. Тексерілу мерзімі – 2027

Қызметтік қолданыс үшін

Шамкент, 2025

Жумабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		23 беттің 2 беті

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданыс салалары	3
2.	Сілтемелік құжаттар	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Магистратура туралы ережесінің сипаттамасы	5
5.	Жауапкершілік	18
6.	Жазбалар тізімі	19
7.	Келісу парағы	20
8.	Танысу парағы	21
9.	Өзгерістерді тіркеу парағы	22

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 3 беті

1. ҚОЛДАНЫС САЛАЛАРЫ

1.1 Магистратура туралы ереже «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) білім беру бағдарламасы дайындаудың барлық саласы бойынша процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын анықтайды. Ереже магистратура білім беру бағдарламаларына қатысты құрылымдық бөлімдерге, магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған.

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық зерттеу) жұмыстары. Университет ережесі. УЕ 43-25;

Магистранттың педагогикалық және зерттеу практикасын ұйымдастыру және өткізу туралы. Университет ережесі. УЕ-42-25

Магистрлік диссертация (жоба) туралы. Университет ережесі. УЕ-40-25

«АНТИПЛАГИАТ» жүйесі негізінде білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі УЕ-13-24.

Құжатталдырылған ақпаратты басқару. Құжаттандырылғын процедура ҚП-06-25.

Ғылым және технологиялық саясат туралы. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Магистр - магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Жумабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 4 беті

Магистрант - магистратурада білім алушы тұлға;

Магистратура - кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

Магистрлік диссертация - ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба - бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

Міндетті компонент – МЖБС-да белгіленген және білім алушылардың оқыту бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Таңдау компоненті – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушының өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Кредиттерді трансферттеу (ауыстыру) мен жинақтаудың еуропалық жүйесі (ECTS) – білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) есептік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, оның көмегімен білім алушының білім траекториясын, оқу орнын және білім алатын елін өзгерту кезінде меңгерген оқу нәтижелерін салыстыру (кредиттер және бағалар бойынша) және қайта есептеу жүзеге асырылады.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді, педагогтерді оқыту, тағылымдамадан өту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің ЖЖОКБҰ-да немесе оқуды жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-да академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқыту нәтижелерін (модульдерін),

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 5 беті

оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта есепке ала отырып, басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шет елге) ауыстыру;

Дублиндік дескрипторлар – білім алушының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің әрбір деңгейін (сатысын) аяқтағаннан кейінгі білімінің деңгейі мен көлемін, біліктіліктерін, дағдылары мен құзыреттерін сипаттайтын, оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ ECTS кредиттік (есептік) бірліктерінің жалпы санына негізделетін сипаттамалар.

ҚА	Қорытынды аттестаттау;
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы;
ҚР	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
МЖМБС	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі.
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ҚР ҒЖБМ	Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті;
ҒЖБССҚК	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығы;
БҒСБК	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;
ЖООКББО	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы;
МҒЗЖ	Университет ережесі;
МЭЗЖ	Университет ережесі;
УЕ	Университет ережесі;
ЖАТУ	Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті;
СМЖ	Сапа Менеджменті Жүйесі;

4 МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

Осы Ереже кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде магистрлерді даярлау (ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратураның білім беру бағдарламалары) бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

4.2. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.2.1. Университетте оқыту магистратураның әрбір білім беру бағдарламасы бойынша үш тілде мемлекеттік, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады.

4.2.2. Оқыту тек күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады.

4.2.3. Сабақтар күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 16:15-тен 20:40-қа дейін өткізіледі.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 6 беті

4.2.4. Бір оқу жылы шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыру Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе (1-қосымша) негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде теориялық оқу, межелік, қорытынды бақылау және қорытынды аттестаттау, практика, магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы және оқу жылы ішіндегі оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, сондай-ақ демалыс кезеңдері көрсетіледі..

4.2.5. Университет мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін айқындайтын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын оқу жылы басталғанға дейін бір-екі ай бұрын Ғылыми кеңесте бекітеді.

4.2.6. Кафедралар элективті пәндер каталогын әзірлейді. Білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен магистранттар әр оқу жылына жеке оқу жоспарын әзірлейді.

4.2.7. Кафедралар білім беру бағдарламасы мен магистранттардың жеке оқу жоспарлары негізінде оқу жұмыс жоспарын дайындайды. Білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары кафедрада әзірленеді, факультет деканы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығымен келіседі, жетекші проректормен келісіледі, Ғылыми кеңесте қаралып, бекітіледі.

4.2.8. Магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде пәндер бойынша оқу жоспарлары (білім алушының жеке оқу жоспарлары) және оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді. Силлабустар кафедралар тарапынан білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша дербес әзірленеді және факультет кеңесінің шешімімен декан бекітеді.

4.2.9. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары модульдік оқыту принципі бойынша әзірленеді.

4.2.10. Оқу жылы межелік бақылауды, аралық аттестаттауды (емтихан сессиялары кезеңінде), демалысты, практика/тағылымдаманы және қорытынды аттестаттау кезеңін қамтитын академиялық кезеңдерден (теориялық оқыту семестрлерінен) тұрады.

4.2.10. Әрбір академиялық кезең қорытынды бақылаумен аяқталады.

4.2.11. Демалыс білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде екі рет беріледі, олардың жалпы ұзақтығы бітіру курсы қоспағанда, кемінде жеті аптаны құрауы тиіс.

4.2.12. Практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

4.2.13. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек және академиялық кезеңмен қатар практика енгізуге жол беріледі.

4.2.14. Практика нәтижелері аралық аттестаттау қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

4.2.15. Практиканың ұзақтығы аптамен анықталады және 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) апталық нормативтік жұмыс уақытына негізделеді.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 7 беті

4.2.16. Қосымша оқу қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе білім беру бағдарламаларының айырмашылығын жою, аралас немесе қосымша білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде игеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта болатын жазғы семестрді (бітіру курсы қоспағанда) енгізуге жол беріледі.

4.2.17. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең деп белгіленеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

4.2.18. Білім алушылардың өзіндік жұмысы екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс (ОЖБӨЖ) және толық өз бетінше орындалатын жұмыс (БӨЖ).

4.2.19. БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушының күнделікті өзіндік жұмысын талап ететін тапсырмалармен қамтамасыз етіледі.

4.2.20. Аудиториялық сабақтардың көлемі жалпы сағат көлемінің 30 пайызын құрайды, ал ОЖБӨЖ және БӨЖ-дің арақатынасы 70 пайыз болып белгіленеді.

4.2.21. Академиялық топтар пәндерге тіркелу (жазылу) нәтижелері бойынша қалыптастырылады. Әр түрлі білім беру бағдарламаларының магистранттарынан белгілі бір пәндерді оқу үшін аралас топтар құрылуы мүмкін.

4.2.22. Магистранттарды оқу пәндеріне тіркеуді Тіркеу офисі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығымен бірлесіп ұйымдастырады. Бұл ретте магистранттармен ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізу үшін Тіркеу офисінің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ ғылыми жетекшілер тартылады.

4.2.23. Магистранттардың оқу жетістіктері (білімі, біліктілігі, дағдылары және құзыреттілігі) балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес бағаланады. Бағалау оң бағалар бойынша кему ретімен «А»-дан «D»-ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» бағалар «FX» және «F» болып белгіленеді.

4.2.24. «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда білім алушының оқу пәні/модуль бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

4.2.25. «F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне/модульге ақылы негізде қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылаудан қайта өтеді.

4.2.26. ЖООКББ магистранттардың межелік бақылау, қорытынды бақылаудың нәтижелерін тұрақты мониторингін және оларға талдау жүргізеді. Магистранттардың аралық және қорытынды бақылауын Тіркеу офисімен бірлесіп ЖООКББ орталығы ұйымдастырады.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 8 беті

4.2.27. Әрбір оқытушы білім беру бағдарламасы мен силлабус негізінде оқыту әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

4.2.28. Оқытуды жеке жоспарлау үшін кафедралар білім алушыларға оқу-әдістемелік материалдар пакетін ұсынады:

- силлабус;
- пәндер каталогы;
- өзіндік зерделеу, әр пән бойынша өзін-өзі бақылау үшін материалдар,
- бақылау тапсырмалары (БӨЖ және ОЖБӨЖ үшін);
- есеп беру құжаттамасының нысандары және басқа материалдар.

4.2.29. ОЖБӨЖ-ға оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі мәселелері бойынша, сондай-ақ жұмыстарды, есептерді және БӨЖ тапсырмаларының басқа да түрлерін орындау бойынша консультациялар кіреді.

4.2.30. ББ-ны іске асыру халықаралық ақпараттық желілерге, кітапхана қорлары мен деректер базасына, электрондық картотекаға, компьютерлік класстарға, «Platonus» ААЖ-ға еркін қол жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

4.2.31. «Platonus» ААЖ білім алушыларға пәндерге онлайн тіркеуді жүзеге асыруға; сабақ кестесін жасау мен қарауға, емтихандар кестесін қарауға; пәннің оқу-әдістемелік материалдарына қол жеткізуге; оқудың барлық кезеңінде білім беру траекториясын құруға; транскриптті қарауға; тапсырмаларға жауаптарды жүктеуге; оқытушымен интерактивті жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

4.2.32. Магистранттарды ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау тәртібі УЕ 47-24 «Білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау тәртібі» Университет ережесінде айқындалған.

4.2.33. Магистрант қатарына қайта қабылданған, басқа ЖОО ауысып келген азаматтар пән айырмашылығын ақысыз тапсырады.

4.3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.3.1. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны мыналардан тұрады:

- 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;
- 2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;
- 3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.
- 4) қорытынды аттестаттау.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 9 беті

4.3.2. Базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау бойынша компонент (бұдан әрі – ТК) пәндерінен тұрады.

4.3.3. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін Университет дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің талабы, магистранттардың сұраныстары мен мүдделері ескеріледі.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерін, бейінді бағыт үшін «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шет тілі (кәсіби)» пәндерін қамтиды.

Университет пәнаралық сипатқа ие БП циклінің жоғары оқу орны компоненті пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалар әзірлейді.

4.3.4. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 29%-ды немесе 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 57%-ы немесе 20 академиялық кредит жоғары оқу орны компонентіне тиесілі.

4.3.5. Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 17%-ды немесе 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде жоғары оқу орны компоненті пәндерінің көлемі 60%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

4.3.6. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 41%-ды немесе 49 академиялық кредитті құрайды.

4.3.7. Бейінді бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі Университеттің қалауы бойынша жоғары оқу орны компоненті мен таңдау бойынша компонент арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 42%-ды немесе 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 45 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

4.3.8. Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдеттегідей, бірқатар білім салалары үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатқа ие.

4.3.9. Ғылыми-педагогикалық бағыттар бойынша магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы 1-кесетеге сәйкес айқындалады.

Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 10 беті

1-кесте

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1920	64
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	оның ішінде:		
	Ғылым тарихы мен философиясы		
	Шет тілі (кәсіби)		
	Жоғары мектептің педагогикасы		
	Басқару психологиясы		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	1470	49
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
3)	Зерттеу практикасы		
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	360	12
	Барлығы	3600	120

Бейіндік бағытындағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы 2 кестеге сәйкес айқындалады.

2-кесте

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы			
		1 жылдық типтік оқу мерзімімен		1,5 жылдық типтік оқу мерзімімен	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 11 беті

			бойынша		бойынша
1	2	3	4	5	6
1.	Теориялық оқыту	750	25	1500	50
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	300	10	450	15
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	180	6	180	6
	Оның ішінде:				
	Шет тілі (кәсіби)				
	Менеджмент				
	Басқару психологиясы				
2)	Таңдау компоненті (ТК)	120	4	270	9
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	750	25	1350	45
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)				
2)	Таңдау компоненті (ТК)				
3)	Өндірістік практика				
2	Эксперименттік-зерттеу жұмысы	390	13	540	18
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	390	13	540	18
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)				
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12	360	12
1)	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРК)	360	12	360	12
	Барлығы	1800	60	2700	90

Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 12 беті

4.3.10. Университет білім беру қызметін 28 қыркүйек 2010 жылы алынған сериясы АБ №0137474 мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

4.3.11. Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы Университеті кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.

4.3.12. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

4.3.13. Бейінді бағыт бойынша магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

4.3.14. Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті мыналар болып табылады:

1) магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

4.3.15. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

1) БП циклінде педагогикалық – ЖОО-да;

2) бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде.

Магистранттардың практикасы «Магистранттың педагогикалық және зерттеу практикасын ұйымдастыру және өткізу туралы» Университет ережесіне сәйкес жүргізіледі.

4.3.16. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте Университеттің қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылады.

4.3.17. Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.

Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 13 беті

4.3.18. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндер циклінде өндірістік практиканы қамтиды.

Магистранттың өндірістік практикасы оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеру мақсатында өткізіледі.

4.3.19. Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

4.3.20. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы «Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы» УЕ-49-25 Университет ережесіне сәйкес жүргізіледі.

4.3.21. МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарлануы мүмкін.

4.3.22. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

4.3.23. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
- 2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
- 4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;
- 6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

4.3.24. Бейінді магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
- 2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;
- 3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 14 беті

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

3.3.25. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін Университет «Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы» ережесі негізінде айқындайды.

4.3.26. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

4.3.27. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

4.3.28. Университет магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

4.3.29. Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылым кандидаттары мен докторларының немесе PhD докторларының немесе тиісті салада кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандардың қатарынан ғылыми жетекші тағайындалады. Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми консультанттар тағайындалуы мүмкін.

4.3.30. Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

4.3.31. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптар Университеттің «Магистрлік диссертация (жоба) туралы» ережесінде айқындалған.

4.3.32. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауды, оны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

4.3.33. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін Университет «Магистрлік диссертация (жоба) туралы» ережесінде айқындалған.

4.3.34. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін «АНТИПЛАГИАТ» жүйесі негізінде білім алушынжазба жұмыстардың өзіндік орындалуын қамтамасыз ету» туралы Университеттің УЕ-13-24 ережесі анықтайды.

4.3.35. Бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметке рұқсат етіледі.

4.3.36. Бейінді магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасының мазмұны осы стандартқа 3-кестеге сәйкес белгіленеді.

Жұмабек Ахметұлы Төшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 15 беті

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	600	20
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	600	20
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):		
	Оның ішінде:		
	Ғылым тарихы мен философиясы		
	Жоғары мектеп педагогикасы		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	300	10
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
	Барлығы	900	30

4.3.37. Педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын аяқтаған бейінді бағыттағы магистрге негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

Педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын меңгергені туралы куәліктің нысанын университет дербес айқындайды және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ЖОО-лар тарапынан міндетті түрде танылады.

4.3.38. Қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті немесе ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 10%-дан аспайтын көлемді (тиісінше 1 жыл немесе 1,5 жыл оқу мерзімімен бейінді магистратурада 20% немесе 13%) құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

4.3.39. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерді бағалау болып табылады. Магистратурадағы қорытынды аттестаттау Университеттің «Қорытынды аттестаттау» ережелері негізінде айқындалады.

4.3.40. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте «кіруде» магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 16 беті

Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін Университет дербес анықтайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

4.3.41. Білім беру бағдарламаларын шығарушы кафедра пререквизиттерді анықтайды, емтихан бағдарламасын әзірлейді.

Пререквизиттер тізбесі Университет ректоры бұйрығымен бекітіледі. Пререквизиттер бір академиялық кезең ішінде тапсырылады.

Пререквизиттер ретінде магистрант тануды Университет Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсынады.

Жоғары арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері бейінді бағыттағы магистратураның тиісті бағдарламаларына сәйкес оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

4.4. МАГИСТРАНТТЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.4.1. Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәндерін, модулін немесе барлық білім беру бағдарламасын зерделеуі үшін талап етілетін және білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуі үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

4.4.2. Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – дәрістер, семинарлар, топтық сабақ, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, практика, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), магистрлік диссертацияны (жобаны), өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жеткшілігімен орындау.

4.4.3. Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

4.4.4. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

4.4.5. Магистранттың оқу жүктемесін анықтауда оқу жылы нысанын Университет дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсандық – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады.

Университетте академиялық кезең 15 аптаны құрайтын семестрден құралады.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 17 беті

4.4.6. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

4.4.7. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

4.4.8. 3.4.5. және 3.4.6-тармақтарда көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесі болып табылады. Магистранттарға семестрде аз немесе көп академиялық кредит санын игеруге жол беріледі. Магистранттардың жекелеген санаттары үшін оқыту нысаны мен технологияларына қарай оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты ерекшеленеді және Университет өз бетінше есептейді.

4.4.9. Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті мөлшерінде анықталған;

2) бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

4.5. МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.5.1. Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

4.5.2. Дескрипторлар білім алушының:

- зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

- жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

- әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

- мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

- зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 18 беті

4.5.3. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға «магистр» дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі.

4.5.4. ЖОО немесе ғылыми ұйым бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплемент)) тегін береді.

4.6. ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

4.6.1. Магистратурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгілеген көлемі меңгеріліп, күтілген оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

4.6.2. Кадрларды магистратурада даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында:

1) кемінде екі жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік;

2) кемінде бір жылдық оқыту мерзімімен бейіндік болып екі бағытта жүзеге асырылады.

4.7. МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

4.7.1. Магистратура туралы ережесінің жобасын құрастырушы ЖОО кейінгі білім беру басшысы ғылыми істер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі басшысымен келісіледі.

4.7.2. Магистратура туралы ережесі Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып мақұлданады.

4.7.3. Магистратура туралы ережесі ниверситет ректорымен бекітіледі.

4.7.4. Магистратура туралы ережесі сапа менеджменті бөлімінде тіркеледі, сақталады. Ереженің ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойынша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

4.8. МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

4.8.1. Магистратура туралы ережесі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

4.8.2. Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

4.8.3. Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сапа менеджмент жүйесі бөлімінде сақталады.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1 Магистратуралы туралы ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына ЖООКББ бөлімінің басшысы жауапты

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет АҚ		УЕ-38-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистратура туралы		22 беттің 19 беті

Бекітемін
Жұмабек Тәшенев атындағы
университетінің ректоры
_____ Қ. Байболов
_____ 202_ жыл

Жазбалар тізімі:

1. Академиялық күнтізбе ФР 01
Қосымша 1. Академиялық күнтізбе

ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ

**20 -20 оқу жылына арналған
АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ**

1/2-курс үшін

I - жарты жылдық (күзгі семестр)

26–31 тамыз 2022 ж.	Таңдау курстарына тіркеу
30 тамыз 2022 ж.	Конституция күні
1 қыркүйек 2022 ж.	Білім күні
1 академиялық кезең ішінде 26 тамыз - 14 қыркүйек 2022 ж.	Теориялық оқу
2 қыркүйек - 14 желтоқсан 2022 ж.	1-межелік бақылау
<i>Теориялық оқу: 15 апта</i>	

II – жарты жылдық (көктемгі семестр)

	Көктемгі академиялық кезеңнің басталуы

Университеттің Ғылыми кеңесінде
бекітілді.
Хаттама № _____ 20
ж.

ЖОО кейінгі білім бөлімі басшысы

Т.А.Ә.

